

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана Медицина университеті» КеАҚ	Хаттама №9
	«Денсаулық сақтау» саласы бойынша ОӘБ Жоғары білім беру секциясы	

ХАТТАМА № 9
«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» САЛАСЫ БОЙЫНША ОӘБ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ
СЕКЦИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

Астана қ.

22 қаңтар 2026 жыл

Отырыс форматы: онлайн

Басталу уақыты: 15:00

Қосылу сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/81188179637?pwd=8yfRQL5yuBdStzZUYLSbzWHbT7facP.1>

Төраға: Досанова А.К.

Хатшы: Шакеева А.Р.

Қатысқандар: тізім бойынша (қосымшада)

КҮН ТӘРТІБІ

1. Профильдік интернатураның алты бағыты бойынша оқыту нәтижелерін (ОН) және техникалық спецификацияларды (ТС) бекіту.

Баяндамашы: Досанова Асем Калеловна.

2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша медициналық кадрларды даярлаудың ұсынылған моделін іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын талқылау.

Баяндамашылар:

- ҚазҰМУ академиялық блок жөніндегі проректоры Калмантаева Жанна Амантаевна;
- МУА академиялық жұмыс жөніндегі проректоры Досанова Асем Калеловна;
- ЮҚМА интернатура жөніндегі деканы Кемелбеков Канатжан Сауханбекович;
- МУС академиялық және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Смаилова Жанаргуль Каиргалиқызы;
- КМУ академиялық және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры Даулеткалиева Жания Абаевна;
- ЗКМУ оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Абенова Нургуль Абдуллаевна.

3. Әр түрлі мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Досанова А.К., ол профильдік интернатураның алты бағыты бойынша оқыту нәтижелерін өзектендіру және олардың негізінде ҰЦБ (НЦНЭ)-мен бірлесіп техникалық спецификацияларды әзірлеу нәтижелері туралы хабарлады.

Атап өтілді, оқыту нәтижелері бұрын айтылған ескертулерді ескере отырып жүйелендіріліп, оңтайландырылған, ал ҰЦБ олардың негізінде қорытынды бағалаудың техникалық спецификацияларының жобаларын әзірлеген (150 тест тапсырмасы, өту шегі – 50% / 75 балл). Профильдік комитеттер мен ГУП-тардан, оның ішінде «Педиатрия» бағыты бойынша түскен ұсыныстар материалдарды пысықтау барысында ішінара ескерілген.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

ҰЦБ, медициналық жоғары оқу орындары мен профильдік комитеттердің өкілдері оқыту нәтижелері мен техникалық спецификацияларды қалыптастырудағы жүйелі тәсілді қолдап,

редакциялық және терминологиялық нақтылаулар енгізді. «Ақушерлік іс және гинекология» бағыты бойынша чатта ұсынылған материалдарды профильдік комитеттің бұрын бекітілген хаттамаларымен қосымша салыстырып тексеру қажеттілігі атап өтілді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Баяндамашының ақпараты назарға алынсын.
2. Профильдік интернатураның алты бағыты бойынша ұсынылған оқыту нәтижелері мен техникалық спецификациялар түпкілікті бекітуге негіз ретінде қолдау тапсын.
3. Оқыту нәтижелері мен техникалық спецификацияларды бекіту мәселесі Жоғары білім беру секциясының чатында дауыс беруге шығарылсын.
4. «Ақушерлік іс және гинекология» бағыты бойынша профильдік комитетке материалдарды қосымша салыстырып тексеру және дауыс беруге нақтыланған редакциясын ұсыну тапсырылсын.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша ТЫҢДАЛДЫ:

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша медициналық кадрларды даярлау моделін енгізу жөніндегі Іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы баяндамашылардың ақпараты.

Талқылау барысында мыналар ұсынылды:

- жекелеген білім беру бағдарламалары бойынша даярлау траекториялары (оның ішінде «Стоматология»);
- нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және түзету тәсілдері (интернатура, резидентура, тәлімгерлік, медико-профилактикалық бағыт);
- кадрлық, санитариялық және клиникалық сыйымдылықты ескере отырып, білім беру ұйымдарының өткізу қабілетін есептеу әдістемесіне қатысты ұсыныстар;
- резидентурада оқу мерзімдерін қайта қарау, ақылы қабылдау мен шетелдік білім алушыларды қабылдауды квоталау мәселелері.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Медициналық жоғары оқу орындарының өкілдері нормативтік құқықтық актілер жобаларын қосымша жоғары оқу орындары арасында пысықтау қажеттігін, терминологияны дұрыс қолдану және қолданыстағы нормативтік құжаттармен үйлестірудің маңыздылығын, сондай-ақ құжаттарды жұмыс топтары аясында кезең-кезеңімен қарау мен келісудің орынды екенін атап өтті.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Баяндамашылардың ақпараты назарға алынсын.
2. Іс-шаралар жоспары медициналық жоғары оқу орындарының ұсыныстарын ескере отырып, одан әрі пысықтауға жататын жұмыс құжаты деп танылсын.
3. Медициналық жоғары оқу орындарына:
 - ГУП-тар мен жоғары оқу орындары арасындағы жұмыс топтарының жұмысына профильдік мамандардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
 - Іс-шаралар жоспарының бекітілген тармақтары бойынша ұсыныстарды белгіленген мерзімде жолдау ұсынылсын.
4. Нормативтік құқықтық актілер жобалары бір секция отырысының шеңберімен шектелмей, кезең-кезеңімен талқылау және келісуге жататыны атап өтілсін.

Төраға:
Хатшы:

А.К. Досанова
А.Р. Шакеева